# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 37 (836) 12 қыркүйек 2024 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЛИМПИАДАСЫ

"Астана Арена" стадионында өткен шараға Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркіменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов, Саха Республикасының басшысы Айсен Николаев, Моңғолияның бұрынғы президенті Энхбаяр Намбарын, Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, сондай-ақ ЮНЕСКО, АӨСШК, БҰҰ Дүниежүзілік туризм ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҮРКСОЙ, Түркі инвестициялық қоры, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы, Ислам спорт қауымдастығы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының басшылары, Еуропа одағының Орталық Азиядағы арнайы өкілі және басқа да ресми тұлғалар қатысты.

Дүбірлі доданың ашылу салтанатында қазақ жерін мекен ететін түрлі этнос өкілдерінің балалары Қазақстан Республикасының Туын алып шықты. Бұдан кейін еліміздің Әнұраны шырқалды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша жарысқа қатысушы мемлекеттер спортшыларының шеруі өтті. Биылғы Көшпенділер ойындарына Азиядан, Еуропадан, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан, Африкадан, сондай-ақ Австралиядан спортшылар келді.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, әлемдік ауқымда өтіп жатқан айрықша маңызды іс-шараға қатысу үшін Қазақстанға келген бауырлас мемлекеттердің басшыларына, мәртебелі меймандарға және спортшыларға шынайы алғысын жеткізді.

Президент көшпенділер өркениеті дүниежүзі тарихында өшпес із қалдырған өркениет екенін айрықша атап өтті.

– Ұлы дала көшпенділері ежелден байтақ Еуразияны мекен еткен. Олар жаһандық даму үдерісіне түбегейлі өзгеріс әкелді, сол замандағы озық технологияның иесі болды. Көшпенділер бес мың жыл бұрын жылқыны қолға үйретті. Дүниені дүбірлеткен салт аттылар мәдениетін қалыптастырды. Қуатты қару-жарақ пен ғажайып зергерлік бұйымдар жасап шығарды. Сақ дәуірінің Алтын адамдары – соның айқын дәлелі. Қазақ жерінен әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи сынды ғұламалар шыққан. Олар ілім-ғылымның дамуына орасан зор үлес қосты. Біздің бабаларымыз алып мемлекеттер құрды, үлкен қалалар салды. Ұлы далада Отырар, Түркістан, Тараз, Сарайшық сияқты сәулетті шаһарлар бой көтерді. Көшпенді жұрт батыс пен шығысқа көпір болып, түрлі мәдениеттің жақындасуына әсер етті. Осы жерде ежелгі Ғұн империясы, одан соң Түрік қағанаты салтанат құрды. Олардың даңқты жолын Алтын Орда мен Қазақ хандығы жалғастырды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шет мемлекеттерден келген мәртебелі меймандармен және жұртшылықпен бірге V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсімін тамашалады.

Мемлекет басшысы Көшпенділер ойыны бабалар аманат еткен қастерлі мұраны көздің қарашығындай сақтап, жас буынға табыстау мақсатынан туған бірегей жоба екенін айтты.

– Он жыл бұрын осы жарысты алғаш ұйымдастырған қырғыз бауырларға алғыс айтамын. Бұл – ұлттық спорт түрлерінен өтетін әлемдегі ең ірі дода. Оны Көшпенділер олимпиадасы деуге болады. Бұл ойындар дала өркениетін жер жаһанға паш етеді. Спорт – өзара құрмет пен сыйластық символы. Спорттың басты миссиясы – халықтар достығын нығайту. Қазақстан бүкіл әлемге бейбітшілік пен келісім мекені ретінде танымал. Елімізде түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біз алыс-жақын шетелдің бәрімен тығыз байланыс орнаттық. Басқа мемлекеттер де өзара достық қатынаста болғанын қалаймыз. Сондықтан Көшпенділер ойындары ынтымағымызды бекемдей түспек, – деді Президент.

Төрткүл дүниені жайлаған көшпенділер өркениетінің бай мәдениеті мен тағылымды тарихын, салт-дәстүрін паш етіп, адамзат баласын ортақ үйіміз – Жер ананы сақтауға үндеген ашылу салтанаты бірнеше эпизодқа ұласты.

Сонымен қатар салтанатты жиында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру комитетінің төрағасы Роман Скляр, Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған сөз сөйледі.

Жалпы, 8-13 қыркүйек аралығында өтетін додада 21 спорт түрінен, соның ішінде ат жарысы, ұлттық күрес түрлері, дәстүрлі интеллектуалдық ойындар, жауынгерлік өнер сайыстары, дәстүрлі садақ ату, ұлттық құсбегілік, халық ойындары бойынша жарыстар өтеді. Барлығы 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

## АУДАН ӘКІМІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ





5 қыркүйек күні № 2 Булаев орта мектебінің акт залында аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласының солтүстік жағының тұрғындарымен кездесті.

Іс-шараны ашқан Рахат Смағұлов Президенттің соңғы Жолдауының түйінді тұстарын тілге тиек етіп, атом электр станциясын салу мәселесі бойынша алдағы республикалық референдумға назар аударды. Ол сондай-ақ ауданның дамуы мен қалалық инфрақұрылымға қатысты жергілікті тұрғындарды толғандыратын тақырыптарды қозғады.

Содан кейін сөз алған қала әкімі Азамат Бірімжанов аудан орталығында атқарылған жұмыстар туралы баяндап, қаланың солтүстік жағы үшін өзекті міндеттерді шешудің маңыздылығын атап өтті.

- Жарықтандыру бойынша бүгінгі таңда қаланың солтүстік жағында 26 көшенің 14 көшесі 100% жарықтандырылған, 12 көшеде жарықтандыру жұмыстарын жалғастыру қажет. Қаланың солтүстік бөлігіндегі ақаулы шамдарды ауыстыру тұрақты негізде жүргізіледі. Жедел әрекет ету үшін заманауи телескопиялық автомұнараны сатып алу жоспарлануда.

2025-26 жылдары электр беру желілерін ауыстыру жоспарлануда, бұл қазір қамтылмаған учаскелерді жарықтандыруға мүмкіндік береді.

Жолдар бойынша ағымдағы жылы Привокзальная, Садовая, Интернациональная көшелеріне қиыршық тас төселді. 2025 жылы Северная және Степная көшелерін топырақ жамылғысын асфальтқа ауыстыру сияқты жұмыстардың түрлерін жүргізу жоспарлануда. 2025 жылға арналған қаражатты бекітуге бюджеттік өтінім жолданды. Сондай-ақ, Строительная көшесін орташа жөндеуге және көпірден №2 мектепке кіреберіске сметалық құжаттама әзірлеу жоспарланған (бұл учаскені Булаев қ.көшелерінің тізбесіне енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде). Сондай-ақ, солтүстік жағындағы көшелерге қиыршық тас төсеу жұмыстары жалғасатын болады.

Сумен жабдықтау бойынша қазіргі уақытта су қысымы құрылыстарының алаңын реконструкциялау жүргізілуде. Таза су резервуарын мың текшеге кеңейту жүргізілуде, жаңа сорғы тобы мен бекіту арматурасы орнатылуда, бұл жазғы кезеңде қысымды арттыруға және сумен жабдықтауды толық қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ үйлерге су беру үшін қашықтықты қысқарту үшін қосымша құдықтар орнату жоспарлануда, - деді Азамат Тоқышұлы.

Талқылау барысында іс-шараға қатысушылар көшелерді жөндеуге, қосымша балалар ойын алаңдарын салуға, сондай-ақ ауданның көлік қолжетімділігін жақсарту үшін жаңа автобус бағытын іске қосуға қатысты мәселелерді көтерді.

Айта кету керек, 10 қыркүйек күні дәл осындай кездесу аудандық Мәдениет үйінде өтіп, оған қаланың оңтүстік жағындағы тұрғындар қатысты. Халық балалар ойнау алаңын салу, қаңғыбас иттерді аулау, жолдарды жөндеу мен көшелерді жарықтандыру сияқты өзекті мәселелерді көтерді.

Аталмыш кездесулер барысында тұрғындар көтерген барлық ұсыныстар мен мәселелерді әрі қарай шешу үшін жергілікті билік бақылауға алды. Әкімдік өкілдері барлық жағдай мұқият қадағаланып, инфрақұрылымды жақсарту бойынша шаралар жақын арада қабылданатынына сендірді.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов тиісті орган басшыларына келіп түскен ұсыныстарды қарау және орындау жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ, ол мәселелердің бір бөлігін шешу бюджет пен ресурстарды ескере отырып, келесі жылға жоспарланатынын атап өтті.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

## 2024 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізілсін.

2. Республикалық референдумға: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сауал шығарылсын.

3. Осы Жарлық 2024 жылғы 3 қыркүйекте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.

4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының Президенті** **Қ.ТОҚАЕВ**

***Астана, Ақорда, 2024 жылғы 2 қыркүйек № 636***

*Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының 2024 жылғы 3 қыркүйектегі 38/42 қаулысымен бекітілген*

# 2024 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДЫ ӘЗІРЛЕУ МЕН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Бұқаралық ақпарат құралдарында аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамын жариялау.
Аумақтық референдум комиссиялары
Референдум тағайындалғаннан кейін **он күннен кешіктірмей**
2024 жылғы 12 қыркүйектен кешіктірмей

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында референдум учаскелерінің шекаралары туралы хабарды жариялау.
Тиісті әкімдер
Референдум тағайындалғаннан **кейін он күннен кешіктірмей**
2024 жылғы 12 қыркүйектен кешіктірмей

3. Республикалық референдум алдындағы үгіт.
Референдум тағайындалғаннан кейін басталады және 2024 жылғы 5 қазанда нөл сағатта аяқталады.

4. Шешіммен учаске құрылған әкім қол қойған референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін учаскелік референдум комиссияларына акт бойынша ұсыну.
Тиісті әкімдер
Дауыс берудің басталуына **жиырма күн қалғанда**
2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей

5. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған учаскелер бойынша референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін танысуға ұсыну.
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс беру күніне **он бес күн қалғанда**
2024 жылғы 20 қыркүйектен кешіктірмей

6. Жекелеген референдум учаскелерінде дауыс берудің басталуы мен аяқталуының басқа уақытын белгілеу және бұл туралы шешімді азаматтарға жеткізу.
Аумақтық референдум комиссиялары
Дауыс беру күніне дейінгі **он күннен** кешіктірмей
2024 жылғы 26 қыркүйектен кешіктірмей

7. Дауыс беру уақыты мен орны туралы азаматтарды хабардар ету.
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс беру күніне дейінгі кемінде **он күннен кешіктірмей**
2024 жылғы 26 қыркүйектен кешіктірмей
(26–б. 1–т.)

8. Учаскелік референдум комиссияларын дауыс беруге арналған бюллетеньдермен қамтамасыз ету.
Аумақтық референдум комиссиялары
**Дауыс беруге дейін ерте дегенде үш күн бұрын және кемінде бір күн бұрын**
2024 жылғы 3-5 қазан
(27-б. 5-б.)

9. Дауыс беру үшін референдум учаскелерін ашу және ашу туралы хаттама жасау.
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда
Егер дауыс берудің басталуына басқа уақыт белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша сағат **06:00-де**

10. Дауыс беруді өткізу.
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс берудің басқа уақыты белгіленбесе, дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат **07:00-ден 20:00-ге дейін**

11. Референдум учаскесінде дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасау.
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс беруді аяқтаудың басқа уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша **сағат 20:00-де** басталады. Санау уақыты санау басталғаннан бастап он екі сағаттан аспауға тиіс

12. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін референдум учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орында орналастыру.
Учаскелік референдум комиссиялары
Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – **дереу**

13. Референдум учаскесінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы тиісті аумақтық референдум комиссиясына ұсыну.
Учаскелік референдум комиссиялары
Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – **дереу**

14. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында референдумның нәтижелерін шығару.
Аумақтық референдум комиссиялары
(22-б. 1-т. 7-тт.)

15. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы референдум нәтижелері туралы хаттаманы Орталық референдум комиссиясына ұсыну.
Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссиялары
**2024 жылғы 7 қазаннан кешіктірмей**

16. Референдум қорытындыларын шығару және бұқаралық ақпарат құралдарында референдум қорытындылары туралы ресми хабарды жариялау.
Орталық референдум комиссиясы
Референдум өткізілген күннен бастап **жеті күннен** кешіктірмей
2024 жылғы 12 қазаннан кешіктірмей
(31, 33-б.)

***Ескерту:*** *Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер беріліп отыр.*

# УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

| № р/н | Референдум учаскесінің нөмірі | Учаскелік референдум комиссиясының орналасқан жері | Референдум учаскесі шекараларының сипаттамасы | Учаскелік референдум комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|---|
| | | | **Мағжан Жұмабаев ауданы** | |
| 1 | № 200 | Булаев қаласы, Маяковский к., 16, мектеп ғимараты | **Булаев қаласы,** Юбилейная көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10а, 11, 12б, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31а, 31б, 31, 32 үйлері; Шоферская көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 35а үйлері; Пионерская көшесі, №: 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 32, 34, 36, 38, 38а, 40, 42, 44, 44а, 46, 48, 50, 52, 54 үйлері; Восточная көшесі, №: 1, 1в, 1б, 5, 5а, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 22, 31б үйлері; Деповская көшесі, №: 1, 1а, 1б, 2, 2а, 2б, 2в, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 7а, 8, 8а, 9, 22, 26 үйлері; Кәрім Сүтішев көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 8 үйлері; Чехов көшесі, №: 1, 1а, 1б, 1в, 2, 3, 3а, 4, 5, 5а, 6, 7, 7а, 7б, 8, 9, 9а, 11, 11а, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 18а, 18б, 19, 19а, 20, 21, 21а, 22, 23, 23а, 25, 26, 27, 29, 29а, 29б, 29в, 32, 35, 47 үйлері; Московская көшесі, №: 1, 1а, 2, 2а, 3, 3а, 4, 6, 7, 7а, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17а, 19, 20, 22, 23, 24, 24а, 25, 25а, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 37а, 38, 38а, 39, 40 үйлері; Маяковский көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27а, 28, 29, 30, 32, 33, 33а, 35, 36, 37, 37а, 38, 39, 40 үйлері; Островский көшесі, №: 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 18а, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 34а, 35, 36, 37, 38, 38а, 40, 42, 44, 46, 46а, 48, 50 үйлері; Молодежная көшесі, №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10а, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 26, 30, 32; Тельман көшесі, №: 1, 1а, 1б, 2, 2а, 2д, 3, 4, 4а, 5, 6, 6а, 8, 9 үйлері; Линейная көшесі, №: 4, 4а, 4г, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 22, 28 үйлері; Кирпичная көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11 үйлері; Попов көшесі, №: 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 14а, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 24а, 26, 28, 28а, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 40а, 42, 44 үйлері; Олег Кошевой көшесі, №: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 18а, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44 үйлері; Заводская көшесі, №: 1, 1а, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 25а, 26, 27, 28, 30 үйлері; Шоссейная көшесі, №: 1, 3, 4, 4а, 4б, 4в, 5, 7, 13, 15, 17, 19, 25 үйлері; Мағжан Жұмабаев көшесі, №: 2, 3, 5, 5а, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 25, 42 үйлері; Водопроводная көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 6б, 6в, 7, 7а, 7б, 8, 9, 9а, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32 үйлері; Олег Кошевой қысқа көшесі, №: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 38, 44 үйлері; Заводская қысқа көшесі, № 1, 2, 5, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 12, 13, 13а, 14, 15, 15а, 16 үйлері. | Төраға – Ахметжанов Қуат Тәжіденұлы; төрағаның орынбасары – Губская Елена Александровна; комиссия хатшысы – Женсагурова Гүлжан Серікқызы; комиссия мүшелері - Әбілмәжінова Жанар Кенжебайқызы, Әбішева Гүлнәр Ағыбайқызы, Землянных Елена Николаевна, Мұратова Галина Дәулетайқызы. |
| 2 | № 201 | Булаев қ., Комаров к., 16, мектеп ғимараты | **Булаев қаласы,** Пионерская көшесі, №: 1, 1а, 2, 2а, 2б, 2в, 2г, 2д, 2е, 3, 3а, 4, 4а, 5, 6, 7, 8, 9, 9б, 9в, 10, 11, 11а, 13, 14, 16, 16а, 16б, 16в, 18, 18а, 18б, 20, 22, 22а, 22б, 24, 26, 26а, 28, 28а, 30 үйлері; Целинная көшесі, №: 20, 22, 23, 23а, 24, 26, 28, 29, 29а, 29б, 31, 31а, 31в, 32, 33, 34, 34б, 35, 36, 37, 37а, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 44а, 45, 46, 46а, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 53а, 54, 55а, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 68а, 70, 72, 74, 76, 78 үйлері; Береговая көшесі, №: 80, 83 үйлері; Абай Құнанбаев көшесі, №: 82, 86 үйлері; Әлия Молдағұлова көшесі, №: 65, 69, 70, 71, 72, 73 үйлері; Ыбырай Алтынсарин көшесі, №: 64, 69, 71 үйлері; Комаров көшесі, №: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8а, 8б, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 23, 25 үйлері; Южная көшесі, №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 6а, 6б, 6 в, 7, 8, 10, 11, 13, 13а, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 43, 45, 47 үйлері; Спортивная көшесі, №: 4, 6 үйлері; Школьная көшесі, №: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 үйлері; Энергетиков көшесі, №: 1, 2, 2а, 2в, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19, 21, 21а, 23, 25, 25а, 27 үйлері; Мұхтар Әуезов көшесі, №: 1, 2, 2а, 3, 3а, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27а, 28, 29, 33 үйлері; Ново-Целинная көшесі, №: 2, 2а, 3, 3а, 4, 4а, 5, 6, 6а, 7, 8, 8а, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлері; Королев көшесі, №: 1, 1б, 2, 3, 3а, 3б, 5, 7, 9, 9а, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 17, 19, 21, 23 үйлері; Королев қысқа көшесі, №: 11, 13 үйлері; Пионерский қысқа көшесі, №: 1, 3, 4, 4а, 4б, 5, 7а, 9, 10 үйлері; Гоголь көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 16, 18 үйлері; Лихачев көшесі, №: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 14, 15, 16, 18, 20 үйлері. | Төраға – Жекенов Ербол Орынбасарұлы; төрағаның орынбасары – Жұмағұлов Серік Тұрарұлы; комиссия хатшысы – Байтасова Гауһар Дүйсенайқызы; комиссия мүшелері - Сағдиева Гүлнәр Жексенбайқызы, Ысқақова Дамежан Шаймұранқызы. |
| 3 | № 202 | Булаев қ., Сәбит Мұқанов к., 34, мектеп ғимараты | **Булаев қаласы,** Юбилейная көшесі, №: 33, 33а, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 41а, 44, 46, 54, 56, 58, 60 үйлері; Целинная көшесі, №: 2а, 3, 3а, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18 үйлері; Восточная көшесі, №: 3, 3а, 6, 8, 10, 12 үйлері; Ленинградская көшесі, № 1, 2, 3, 4, 6, 7, 9, 9а, 12, 14, 14а үйлері; Тарас Шевченко көшесі, №: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 12, 13, 15, 17, 19, 19а, 21 үйлері; Пятилетка көшесі, № 2, 3, 4, 5, 6, 11, 12 үйлері; Комсомольская көшесі, №: 1, 7, 8, 9, 10, 12, 15, 17, 18 үйлері; Чапаев көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлері; Батыр Баян көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 10, 11, 14, 15, 23, 27 үйлері; Ыбырай Алтынсарин көшесі, №: 1, 3, 4, 6, 7, 9, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 33, 35, 36, 37, 38, 38а, 39, 40, 41, 42, 43, 43а, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 65, 67 үйлері; Әлия Молдағұлова көшесі, № 1, 8, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 68 үйлері; Абай Құнанбаев көшесі, №: 5, 6, 8, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22а, 22, 23, 23а, 24, 24а, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 48а, 49, 50, 51, 51а, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 77, 78, 80 үйлері; Береговая көшесі, №: 5, 9, 10, 14, 15, 17, 19, 20, 21, 21а, 22, 23, 23а, 24, 25, 27, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 49, 50, 51, 51а, 52, 53, 55, 58, 59, 60, 60а, 61, 62, 63, 64, 64а, 65, 65а, 67, 68, 69, 74, 75, 76, 77 үйлері; Тахир Мусаев көшесі, № 2, 3, 4, 7, 7а, 8, 10, 11, 12, 13,14 үйлері; Никулин көшесі, № 9, 13, 15, 16, 17, 18 үйлері; Чкалов көшесі, № 1, 2, 5, 10, 13, 17, 19, 23 үйлері; Семен Киреев көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 12, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 31а, 32, 32а, 34, 35, 37а, 37, 38, 38а, 39, 40, 41, 42, 42а, 43, 44, 44а, 45, 46, 47а, 47б, 48, 49, 51, 52а, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 62, 62а, 63, 64, 65, 66, 68, 70, 72 үйлері; Пушкин көшесі, №: 2, 3, 4, 7, 12, 13, 15, 18, 20, 20а, 22, 26, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 36а, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 46а, 48, 49, 51, 53 үйлері; Первомайская көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 4а, 5, 6, 6а, 7, 7а, 8, 8а, 10, 10а, 11, 11а, 12а, 14а, 16, 16а, 19, 20, 20а, 22, 22а, 22б үйлері; Сәбит Мұқанов көшесі, №: 1, 1а, 1б, 1в, 1г, 1д, 2, 2а, 2б, 2в, 2г, 3, 3а, 3б, 4, 4а, 4б, 5, 6, 6а, 6б, 6в, 7, 8, 9, 10, 11, 11а, 12, 12а, 13, 14, 15, 15а, 15б,15в, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 24а, 25, 26, 27, 29, 31, 31а, 31б, 32, 32а, 32б, 33, 33а, 33б, 33в, 33г, 34, 34а, 35, 35а, 35б, 35в, 35г, 35д, 36, 37, 37а, 37б, 37в, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 43, 43а, 44, 45, 45б, 46, 46а, 46б, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 54а, 55, 57, 58а, 59, 61, 63, 64, 66, 70 үйлері; Вокзальная көшесі, №: 1 үйі; Элеваторный көшесі, №: 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23а, 24, 25, 25а, 26, 27, 28, 29, 29а, 30, 31, 32, 33, 34, 35 үйлері; Рабочий көшесі, №: 1, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19 үйлері; Озерный көшесі, 1, 1а, 3, 5, 7, 7а, 9, 11, 12, 13, 14, 14а, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 23, 25, 27, 29, 31 үйлері; Привокзальная алаңы көшесі, №: 1, 2, 4, 5, 6, 12, 13, 14, 16 18 үйлері; Элеваторный тұйық көшесі, № 4, 5, 6 үйлері; Элеваторный қысқа көшесі, № 3, 4, 5, 7, 8 үйлері; Мәншүк Мәметова көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 34, 36, 38 үйлері; Набережный көшесі, № 3, 5, 11, 13, 15, 19, 19а, 27, 29, 33 үйлері. | Төраға – Байтасов Тілек Жаулыбайұлы; төрағаның орынбасары – Исабаев Дамир Қуандықұлы; комиссия хатшысы – Плотникова Ольга Валерьевна; комиссия мүшелері - Еньшина Ирина Викторовна, Лобанчук Марина Александровна, Сұраганова Зере Манарбекқызы, Файзулина Махаббат Боранбайқызы. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | № 203 | Булаев қ. Мир к., 8 Г, әкімшілік ғимараты | **Булаев қаласы,**<br>Батыр Баян көшесі, №: 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 39а, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 51а, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 65а, 66, 67, 67а, 68, 69, 70, 71, 73, 79, 79а үйлері; Чапаев көшесі, №: 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 33а, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 63, 64, 65, 68 үйлері; Комсомольская көшесі, №: 20, 22, 23, 25, 27, 28, 29, 30, 33, 35, 36, 37, 38, 38а, 38б, 41, 42, 42а, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 58 үйлері; Пятилетка көшесі, №: 17, 18, 19, 20, 21, 22, 26, 27, 27а, 28, 29, 31, 36, 37, 38, 38б, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 56 үйлері; Тарас Шевченко көшесі, №: 16, 17, 18, 20, 22, 23, 25, 27, 28, 29, 30, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 51, 53, 55 үйлері; Ленинградская көшесі, №: 13, 15, 17, 18, 20, 23, 25, 26, 27, 28, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 47 үйлері; Тахир Мусаев көшесі, № 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 79, 80, 81, 82, 82а, 83, 84, 84а, 84б, 84в, 85, 86, 86а, 86б, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105 үйлері; Никулин көшесі, № 26, 27, 28, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 43а, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 94а, 95, 96, 98, 100, 100а үйлері; Чкалов көшесі, № 26, 27, 28, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 46а, 47, 48, 49, 51, 52, 54, 55, 56, 57, 57а, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 68а, 69, 70, 71, 71а, 72, 72а, 73, 74, 75, 75а, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 85, 87, 87а, 93, 95 үйлері; 1–Западная көшесі, № 2, 3, 4, 5, 10, 11, 13, 16, 17, 18, 19, 21, 24, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 43 үйлері; 2–Западная көшесі, №: 1, 2, 3а, 4, 5, 7, 10, 12, 13, 15, 18, 20, 21, 22, 23, 25, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 36, 38 көшесі; 3–Западная көшесі, №: 3, 4, 6, 9, 11, 12, 14, 16, 17, 19, 20, 21, 23, 24, 24а, 25, 26, 26а, 27, 28, 29, 30, 32, 34 үйлері; Жабаев көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 үйлері; Зеленая көшесі, 1, 3, 4, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 15а, 20, 21, 21а, 21б, 22, 22а, 23, 24, 24а, 25, 26, 27, 28, 30, 31, 32, 33, 35, 42, 44, 46, 47, 48, 49, 50, 52, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 83, 85, 87, 89, 91 үйлері; Медиков көшесі, №: 3, 5, 7, 11, 12, 13, 14, 14а, 15, 16, 16а, 16б, 17, 17а, 18, 19, 20, 21, 22, 28 үйлері; Луговая көшесі, №: 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 25а, 26, 27, 28, 28а, 29, 29а, 30, 31, 31а, 32, 33, 33а үйлері; Мир көшесі, №: 8а, 8б, 10, 10а, 10б, 14, 16, 18, 20, 21, 22, 24, 26, 27, 28, 30, 32, 33, 34, 39, 41, 41а, 45, 51, 51а, 53, 55, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73 үйлері; Полевая көшесі, № 1, 2, 2б, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 21, 22, 24, 26, 28, 30, 32 үйлері; Новая көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 30 үйлері. | Төрайым – Кукла Нұржихан Сабырқызы; төрайымның орынбасары - Низамова Анастасия Ивановна; комиссия хатшысы – Қаржауова Айнұр Жақсылықызы; комиссия мүшелері - Жүнісов Серік Қабекенұлы, Конюшевская Вера Алексеевна, Никитина Светлана Александровна, Ысқакова Сара Нұрғазықызы. |
| 5 | № 204 | Булаев қ. Строительная к., 36, колледж ғимараты | **Булаев қаласы,**<br>Мичурин көшесі, №: 3, 5, 7, 13, 15, 17, 21, 23, 25, 27, 33, 35, 41 үйлері; Привокзальная көшесі, №: 24, 26, 26а, 28, 28а, 30, 32, 34, 111, 113, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 147, 149, 151, 157, 167 үйлері; Садовая көшесі, № 82, 84, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 117а, 118, 119, 119а, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 133а, 134, 135, 137, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 159 үйлері; Степная көшесі, №: 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 88а, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 100а, 101, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 127, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141 үйлері; Буденный көшесі, №: 86, 88, 90, 90а, 90б, 92, 94, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 120а, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 161, 163, 165, 167, 169 үйлері; Старо–Лесная көшесі, №: 98, 100, 104, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 115а, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 138, 139, 139а, 143, 145 үйлері; Ново–Лесная көшесі, №: 70, 72, 74, 76, 78, 80, 84, 86, 89, 90, 90а, 91, 91а, 92, 92а, 93, 94, 95а, 96а, 97, 99, 100, 103, 105, 107, 107а, 109, 111, 113, 115а, 115, 119 үйлері; Северная көшесі, №: 50, 50а, 52, 54, 56, 58 үйлері; Дорожная көшесі, №: 13, 13б, 15, 15а, 17, 29 үйлері;Урожайная көшесі, №: 1, 3, 4, 4а, 5, 6, 10, 11, 12, 15, 17, 19 үйлері; Шухов көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 11, 12, 13, 14, 19, 20, 21, 23, 26, 27, 32, 34, 35 үйлері; Плеханов көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 13, 14, 15, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 27, 29, 33, 34, 35 үйлері; Интернациональная көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 13, 14, 16, 17, 18, 22, 23, 24, 25, 30 үйлері; Панфилов көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 11, 12, 14, 15, 17, 20, 22, 23, 26 үйлері; Строительная көшесі, №: 2, 4, 6, 10, 12, 14, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 25, 27, 27б, 28, 30, 32, 33, 34, 36, 36а, 36б, 39, 39а, 39б, 39в, 39г, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56 үйлері. | Төраға – Квасиборский Сергей Александрович; төрағаның орынбасары – Ильина Людмила Анатольевна; комиссия хатшысы – Гусельникова Галина Валерьевна; комиссия мүшелері - Моисеева Светлана Александровна, Оразалиев Жанайдар Бектемірұлы. |
| 6 | № 205 | Булаев қ., Буденный к., 10, № 2 мектеп ғимараты | **Булаев қаласы,**<br>Привокзальная көшесі, №: 1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 6а, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 20, 25, 29, 31, 35, 37, 39, 45, 51, 53, 55, 61, 67, 73, 79, 83, 85, 89, 93, 97, 99, 103 үйлері; Мичурин көшесі, №: 4, 6, 12, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 34, 40 үйлері; Садовая көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21а, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 30а, 30б, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 38б, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52, 52а, 54, 55, 55а, 56, 56б, 57, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 69а, 70, 70а, 70б, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 80а, 81, 81а, 83, 85, 87, 89 үйлері; Степная көшесі, №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77 үйлері; Буденный көшесі, №: 1, 2, 2д, 3, 4, 5, 6а, 7, 8, 8а, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26,27, 28, 29, 30, 30а, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 43, 44, 45, 46, 46а, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 61а, 62, 63, 64, 65, 66, 68, 70, 70а, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 76а, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 87, 89, 91, 91а, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 105а, 107, 107а, 109 үйлері; Старо-Лесная көшесі, №: 1, 1а, 2, 2а, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 32, 32а, 33, 33а, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 40а, 40б, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 48а, 49, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 58а, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 64а, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 75, 76, 77, 78, 78а, 79, 80, 81, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 88а, 89, 90а, 90, 91, 93, 95, 96, 97, 99, 101, 103, 105 үйлері; Ново-Лесная көшесі, №: 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21а, 22, 24, 25, 25а, 26, 29, 30, 31, 31а, 34, 35, 36, 36а, 37, 37а, 38, 38а, 41, 42, 42а, 43, 43а, 44, 45, 46, 47, 48, 48а, 49, 50, 50а, 51, 51а, 52, 52а, 54, 54а, 55, 56, 57, 59, 59а, 60, 61, 62, 62а, 63, 64, 65, 65а, 67, 68а, 69, 71, 72, 73, 77, 77а, 79, 81, 81а, 83, 85, 85а, 87 үйлері; Северная көшесі, №: 1, 1а, 1б, 1д, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12а, 12, 13, 13а, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 19а, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 46, 48, 53, 57, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79 үйлері; Дорожная көшесі, №: 1, 1б, 1в, 1г, 1д, 1е, 2, 2а, 2б, 3, 4, 4а, 5, 6, 6а, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 14а, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28 үйлері; Кутузов көшесі, №: 2, 2а, 2б, 3, 5, 6, 8, 9, 9а, 10, 11, 13, 14, 20, 22 үйлері; Суворов көшесі, №: 3, 4, 5, 5а, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 29, 32, 35, 40 үйлері; Шоқан Уәлиханов №: 1, 3, 6, 7, 7а, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 30а, 33, 35, 36, 38, 41, 44, 46, 47, 49 үйлері; Горький көшесі, №: 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 22, 23, 24, 28, 29, 31, 34, 36, 38, 40 үйлері; Толстой көшесі, №: 2, 3, 4, 5, 6, 8, 10, 11, 13, 15 үйлері; Столбовая көшесі, №: 1, 2, 3, 4, 6, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 17, 18, 19, 20 ,25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30, 32, 35, 37, 38, 40, 43, 44, 45, 46, 48, 49 үйлері; Лермонтов көшесі, №: 3, 4, 6, 9, 11, 12, 14 үйлері; Сенная көшесі, №: 5, 7, 9, 15 үйлері; Амангелді көшесі, №: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 12а, 13, 14, 15, 16, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25 үйлері; Некрасов көшесі, №: 3, 4, 5 үйлері; Школьный тұйық көшесі, №: 3, 4, 6 үйлері. | Төраға – Царегородцев Родион Леонидович; төрағаның орынбасары – Аскарова Вера Николаевна; комиссия хатшысы – Черказьянова Лилия Антоновна; комиссия мүшелері - Жанғабұлова Шынарай Нұрмұхамбетқызы, Комарова Нелли Вениаминовна, Малкин Андрей Львович, Сұраганова Қарлығаш Оразалықызы. |
| 7 | № 206 | Булаев қ., Нефтеплощадка к., 15, медициналық пунктінің үй-жайы | **Булаев қаласы,**<br>**Нефтеплощадка көшесі,**<br>№: 1, 1а, 1б, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 18, 19, 20, 20а, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 30, 32 үйлері;<br><br>**Заготскот көшесі,**<br>№ 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 23, 24, 26 үйлері. | Төраға - Әбілмәжінов Батыр Мұратұлы; төраганың орынбасары – Абдусаматова Ольга Михайловна; комиссия хатшысы – Рамашева Айдана Ербатырқызы; комиссия мүшелері - Елубаева Самал Әлімжанқызы, Коночкина Елена Васильевна. |

Кестенің жалғасы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | № 207 | Медвежка а., Школьная к., 19, мектеп ғимараты | Медвежка а. | Төрайым – Қазанова Жанат Төлеуқызы; төрайымның орынбасары – Калашникова Светлана Николаевна; комиссия хатшысы – Ескендірова Марал Мұқажанқызы; комиссия мүшелері - Богович Юлья Владимировна, Ивлев Александр Иванович. |
| 9 | № 208 | Полтавка а., Тахир Мусаев к., 25А, мектеп ғимараты | Полтавка а. | Төрайым – Өтегенова Алма Назарбекқызы; төрайымның орынбасары – Полубаяринов Юрий Эдвардович; комиссия хатшысы – Береговская Татьяна Васильевна; комиссия мүшелері - Клевакина Елена Викторовна, Ратушная Ольга Михайловна. |
| 10 | № 209 | Достық а., Мир к., 12, мектеп ғимараты | Достық а.<br>Рощино а. | Төрайым - Сыздықова Мөлдір Серікқызы; төрайымның орынбасары – Өтегенова Күлбағира Ләтіпқызы; комиссия хатшысы – Нұрғалиева Гүлнар Тұяқбайқызы; комиссия мүшелері – Сыздықов Азамат Достайұлы, Толстых Зайра Назарбекқызы. |
| 11 | № 210 | Александровка а., Шоқан Уәлиханов к., 2А, мектеп ғимараты | Александровка а.,<br>Алуа а. | Төрайым – Третьякова Ирина Хабдурашидовна; төрайымның орынбасары – Мұқанов Абай Зейноллаұлы; комиссия хатшысы – Калинко Валентина Ивановна; комиссия мүшелері - Микеладзе Валентина Юрьевна, Ридингер Сергей Яковлевич. |
| 12 | № 211 | Бастомар а., 5 к., 20, мектеп ғимараты | Бастомар а.,<br>Екатериновка а. | Төрайым – Қожамсейітова Бақыт Қалтайқызы; төрайымның орынбасары – Айтпишева Рита Владимировна; комиссия хатшысы – Иванова Евгения Сергеевна; комиссия мүшелері - Борисенко Елена Николаевна, Рекичинская Надежда Александровна. |
| 13 | № 212 | Возвышен а., Мағжан Жұмабаев к., 34, мәдениет үйінің ғимараты | Возвышен а.,<br>Изобильное а.,<br>Малая Возвышенка а. | Төрайым – Баймұхамбетова Әмина Файзоллақызы; төрайымның орынбасары – Тулапин Алексей Николаевич; комиссия хатшысы –Журавлева Ирина Леонидовна; комиссия мүшелері - Әубәкірова Зәуре Естайқызы, Плохотнюк Мария Александровна, Шевчук Людмила Викторовна, Шопанова Әлия Рамжанқызы. |
| 14 | № 214 | Золотая Нива а., Новосельская к., 8, медициналық пунктінің үй-жайы | Золотая Нива а. | Төрайым – Журавель Татьяна Васильевна; төрайымның орынбасары – Барибан Виктор Алексеевич; комиссия хатшысы – Циглер Вера Ивановна; комиссия мүшелері - Журбенко Ирина Васильевна, Лавренко Галина Васильевна. |
| 15 | № 215 | Қарағанды а., Рабочая к., 18 А бос уақытты ұйымдастыру орталығының ғимараты | Қарағанды а. | Төрайым – Сейітова Толқын Бейсекқызы; төрайымның орынбасары – Корниенко Тамара Николаевна; комиссия хатшысы – Тимченко Александра Дмитриевна; комиссия мүшелері - Қожабаев Қуанышпай Ғарапұлы, Назаренко Валентина Сергеевна. |
| 16 | № 216 | Қарақоға а., Николай Жигалов к., 1, мәдениет үйінің ғимараты | Қарақоға а. | Төрайым – Ысқақова Жанар Болатқызы; төрайымның орынбасары – Зиберт Юлия Александровна; комиссия хатшысы – Нұрмағамбетова Динара Жемісқызы; комиссия мүшелері – Габдрашитова Жанар Жұмабекқызы, Ельцова Эльмира Радиковна, Куприянова Татьяна Юрьевна, Легкая Татьяна Николаевна. |
| 17 | № 217 | Чистое а., Центральная к., 2/2, медициналық пунктінің ғимараты | Чистое а. | Төрайым – Ахметова Алина Айдарханқызы; төрайымның орынбасары – Нагуманова Лариса Федоровна; комиссия хатшысы – Безверхова Татьяна Петровна; комиссия мүшелері - Бақбасаров Серік Рамазанұлы, Ноғайбаева Гаухар Жартыкейқызы. |
| 18 | № 218 | Образец а., Школьная к., 2, «Нұр-Агро 2050» ЖШС тұрғындарының бос уақытын өткізу орталығының ғимараты (келісім бойынша) | Образец а. | Төрайым – Мұхамбетова Әлия Мадиярқызы; төрайымның орынбасары – Сысуева Галина Александровна; комиссия хатшысы – Бөлегенова Динара Ерсайынқызы, комиссия мүшелері - Нұртаев Алтынбек Асқарұлы, Пиягин Павел Сергеевич. |
| 19 | № 219 | Ноғайбай а., Ноғайбай к., 31, «Ноғайбай» ЖШС тұрғындарының бос уақытын өткізу орталығының ғимараты (келісім бойынша) | Ноғайбай а. | Төраға – Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы; төрағаның орынбасары – Қапишев Еслямбек Мұхтарұлы; комиссия хатшысы – Ишанова Айтжамал Жақсылыққызы; комиссия мүшелері – Еламанова Ақтоты Нұрбайқызы, Күшмұхаммедова Меруерт Алтынбекқызы. |
| 20 | № 220 | Конюхов а., Центральная к., 25, мектеп ғимараты | Конюхов а.,<br>Камышлово а. | Төраға – Захаров Юрий Владимирович; төрағаның орынбасары – Чепуков Виталий Александрович; комиссия хатшысы – Урман Лариса Александровна; комиссия мүшелері - Ельцов Лариса Сафроновна, Золотова Елена Степановна. |

**Жалғасы 6-бетте.**

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

# «ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ»



*Отбасы күні қарсаңында аудан әкімі Рахат Смағұлов, Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов биылғы жылы отбасы құрғанына 55 жыл толып отырған көпбалалы Қаракүшіковтар әулетіне арнайы барып, құттықтап қайтты.*

Баянбай Ақмырзаұлы мен Алтынай Дәулетқызы 55 жыл бұрын шаңырақ көтеріп, бүгінгі таңда берік отбасылық байланыстардың, өзара түсіністік пен адалдықтың үлгісін көрсетіп отыр.

Аудан әкімі үлгілі де өнегелі отбасына гүл шоқтары мен естелік сыйлық табыс етіп, үлкен әулетке амандық, өзара түсіністік, бақыт және ұзақ жылдар бірге өмір сүруді тіледі.

- Бүгін Отбасы күні мерекесі қарсаңында Сіздермен емен-жарқын әңгімелесіп, мерекелік тілегімізді жеткізу үшін арнайы келіп отырмыз. Сіздерді отбасы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздер қажырлы еңбек, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын лайықты жалғастырып келе жатқандарыңыз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады. Сіздерге зор денсаулық, береке-бірлік, жақсылық тілеймін! Шаңырақтарыңызға махаббат пен татулық салтанат құрсын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Ерлі-зайыпты Қаракүшіковтер ұзақ жылдар бойы бұрынғы Булаев ауданының «Суворов» кеңшарында абыройлы еңбек етіп, әріптестері мен ауылдастарының зор құрметіне бөленген жандар.

Адал еңбегі үшін Баянбай Ақмырзаұлы бірнеше рет Құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталған ауыл еңбеккері. Алтынай Дәулетқызы да еңбек ардагері. Ерлі-зайыптылар бес перзент дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген. Қазіргі кезде олардың барлығы абыройлы ата-анасының салып берген өнегеге толы дәстүрлерін жалғастыра отырып, еліміздің дамуы үшін әртүрлі салада аянбай еңбек етуде.

«Өнегелі отбасы – елдің тірегі» демекші, Қаракүшіковтар әулеті - әрқайсымыз үшін үлгі. Олардың өзара қолдауға, мейірім пен сүйіспеншілікке негізделген өмір жолдары асқан құрмет пен еліктеуге лайық.

Кездесу соңында өмірдің қиындығы мен қызығын бірге өткерген ардақты ақсақал мен ақ жаулықты әже құрметті меймандарға алғыстарын айтып, ақ баталарын берді.

ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАМЫЗ

# АРДАГЕРЛЕР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

*«Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген аталы сөз бар. Ол аз десеңіз «көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» дейтін тәмсілдің мағынасы тереңде жатыр. Елдің мүддесі талқыға түскенде ақсақалдардан ақыл сұрап, «келісіп піскен тон келте болмайды» деп жататынымыз сондықтан. Өнегесін айтып, өрелі істің басы-қасында жүретін ақсақалдардың ақыл-кеңесі қашанда қажет. «Желісін тезге салып», ауылдың береке-бірлігін ұйытып, елді ынтымаққа шақырып, жастарға бағыт-бағдар көрсететін Ардагерлер кеңесі үрдісін үзген жоқ. Сонау қиын-қыстау заманнан бері ел басқарған басшы-қосшылар ақсақалдарға арқа сүйеп келеді.*

Мағжан Жұмабаев ауданында аудандық ардагерлер кеңесі әкімдікпен, кітапханамен, жастар ресурстық орталығымен және басқа мүдделі ұйымдармен бірге тізе біріктіріп ауқымды жұмыс атқарып келе жатқанына бәріміз куәміз. Тіпті ардагерлер кеңесінің қатысуынсыз өткен шаралар некен-саяқ. Ауданда қандай да бір іс-шара жүзеге асып жатса соның басы-қасында ақсақалдар жүреді. Мәселен, мемлекеттік және кәсіби мерекелерде, иә болмаса жастарға, отбасылық жағдайларына қатысты шаралардан қалмай, үнемі қатысып жүреді. Ұйым төрағасы Оралбай Сағындықов бастаған ардагерлер кеңесі мен ауылдық округтегі бастауыш ұйымдар аса белсенді, олар түрлі форматта іс-шаралар өткізіп келеді.

Белсенді қоғамдық күш бола отырып, ардагерлер ұйымдары өздерінің мүдделерінен қоғамдық маңызды мәселелерді жоғары қояды және оларды шешуге өз үлестерін қосуға тырысады. Ардагерлер қозғалысы жұмысының негізі, оның басты қозғаушы күші - бастауыш ардагерлер ұйымдары екені сөзсіз. Жақында қаланың солтүстік жағындағы бастауыш ардагерлер ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы өтіп, оған аудан әкімі Рахат Смағұлов пен Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов қатысты.

Булаев қаласының солтүстік бөлігіндегі зейнеткерлердің бастауыш ұйымы - аудандағы ең бастамашыл ұжымдардың бірі саналады. Есеп беру және сайлау жиналысында атқарылған істер туралы ақпарат ұсынған төрайымның



есебі мұны тағы бір рет растады. Ұйымның төрағасы Н.Н. Ковальногованың айтуынша, ұйым мүшелері көптеген қызықты істермен қатар, өз жұмыстарын түрлендіріп, мемлекеттік мерекелер мен мерейтойларды дәстүрлі түрде атап өтуге, еңбек адамдарын дәріптеуге, жастармен байланысты нығайтуға арналған іс-шаралар өткізеді.

Ұйым зейнеткерлері Қызылжар қаласының киелі жерлеріне сапар шегіп, үнемі облыстық филармония мен облыстық драма театрларына концерттерге барып тұрады. Сондай-ақ олар Октябрьское, Пролетарка, Авангард ауылдарының бастауыш ардагерлер ұйымдарына барып, өзара тәжірибе алмасады. Өз сөзінде Надежда Николаевна өзінің бастауыш ұйым мүшелерінің әрқайсысы ортақ іске қосқан үлесі туралы көп айтты.

Жиын қорытындысы бойынша ұйым мүшелерінің барлығы бірауыздан Надежда Николаевнаны өз ұйымының төрағасы етіп таңдап, оның тамаша жұмысы мен ісіне деген адалдығын атап өтті.

Өз кезегінде аудан әкімі Рахат Смағұлов Н.Н. Ковальногованың ауданның қоғамдық өміріне қосқан лайықты үлесін атап өтіп, оған Алғыс хат табыс етті.

- Ардагерлер - біздің асыл қазынамыз. Сондықтан да біз аға буын өкілдерінің ақыл-кеңесіне, ұсыныс-пікірлеріне әрдайым назар аударып, күнделікті жұмысымызда ескеріп отырамыз.

Біздің ауданымызда 5 мыңнан астам зейнеткер бар. Олар кезінде қоғамға жан аямай еңбек етіп, талай қиындықтарды бастан өткеріп, еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосты. Бүгін, міне, сіздермен бас қосып, Отбасы күні қарсаңында ізгі тілектерімді білдіргім келеді. Әрқашан да аман жүріңіздер, дендеріңіз сау болсын! Сіздер жастарға жол көрсетіп, тәжірибелеріңізді бөлісу жолында әлі де белсенді еңбек етесіздер деп сенемін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Сондай-ақ бұл күні бастауыш ардагерлер ұйымының белсенділері аудандық ардагерлер кеңесінің Алғыс хаттарымен марапатталып, мерейтой иелері сыйлықтар алды.

Жиыннан түйетін қорытынды ардагерлер қашанда қоғамның қозғаушы күші, ақылманы, тәрбиешісі, көшбасшысы болып қала бермек. Сондықтан атқарушы билік органдары ардагерлер ұйымдары жұмыстарына оң көзбен қарап, біріге қызмет жасаса, одан тек қана қоғам да, мемлекет те ұтады деген ойлар айтылды.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**







ОТБАСЫЛЫҚ АУДАНДЫҚ ЖАРЫС

# «ӘКЕМ, ШЕШЕМ ЖӘНЕ МЕН – СПОРТШЫМЫЗ ШЕТІНЕН»



**8 қыркүйек - Отбасы күнін мерекелеу құрметіне Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде «Әкем, шешем және мен – спортшымыз шетінен» атты отбасылық аудандық жарыс болып өтті. Бұл спорт және бірлік мерекесі өзініңептілігін, ұйымшылдығын және спорттық шеберлігін көрсетуге дайын көптеген отбасылардың басын қосты.**

Қызықты әрі тартысты өткен сайыс нәтижесінде Мұсатаевтар жанұясы чемпион атанды. Ал күміс жүлдені Ахметжановтар отбасы иеленсе, құрметті үшінші орынды Қыдырминдер отбасы жеңіп алды. Отбасылардың барлығы жеңіске ұмтылып, отбасылық керемет нәтижелер мен командалық рухты таныта білді.

Жарыстың барлық жеңімпазы мен жүлдегерлері медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Отбасы күні - бірлескен спорттық және мәдени іс-шаралар арқылы отбасылық құндылықтарды сақтау мен нығайтудың маңыздылығын тағы да паш етті. Мұндай іс-шаралар тек көңіл көтеріп қана қоймай, отбасыларды біріктіріп, оларды салауатты өмір салты ұстанып, өзара қолдауды нығайтуға тәрбиелейді.

**Эльмира САПАРБАЕВА.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕНІҢ ТІЛІМ

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МАҚТАНЫШЫМ




**АТА ЗАҢНЫҢ 7 БАБЫНА СӘЙКЕС, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ҚАЗАҚ ТІЛІ. ҚАЗАҚ ТІЛІ - ӘЛЕМДЕГІ ТІЛДЕРДІҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ БАЙ ТІЛДЕРДІҢ БІРІ САНАЛАДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ЕЛ ХАЛҚЫН БІРІКТІРЕТІН, ОРТАҚ ІСТЕРГЕ ЖҰМЫЛДЫРАТЫН, ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ ҰЯЛАТАТЫН БІРДЕН-БІР ҚҰРАЛ. БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕМЕГЕН ХАЛЫҚ БІРІГЕ ДЕ АЛМАЙДЫ, ӨЗДЕРІН БІР ШАҢЫРАҚТЫҢ МҮШЕСІМІН ДЕП ТЕ СЕЗІНЕ АЛМАЙДЫ ДЕСЕК АРТЫҚ БОЛМАС.**

Мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі, бәрімізге ортақ тіл. Сондықтан да «Мемлекеттік тілдің проблемасы – тек қазақ халқының ғана проблемасы» - деп қарауға болмайды. Әлемдегі барлық өркениетті, дамыған елдердегідей еліміздің мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге, сондай-ақ, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрметтеуге, оны үйреніп, білуге, қолданыс аясын кеңейтуге міндетті. Әсіресе, мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметте бірлі-жарым кісі ғана емес, барлық қызметші білуге міндетті деп санаймыз. Мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметке жіберілмеу қажет. Яғни, мемлекеттік тілді білмейтін тұлға бұл қызметке әлі дайын емес, оның өзі азаматы болып табылатын елдің Ата Заңын, мемлекеттік тілін, ел иесі – ұлтты сыйлау сезімі оянбаған деген сөз.

Петропавл қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандарылған соты өндірісіндегі мемлекеттік тілдің құжат айналымында қолданылуы бойынша статистикасына тоқталатын болсақ, ішкі құжаттардың мемлекеттік тілінде 100%, кіріс хаттары мемлекеттік тілде 79,36%, ал шығыс хаттары мемлекеттік тілде 100% құрап отыр. Яғни аудандық сот өндірісіне кіріс құжаттарының мемлекеттік тіліндегі пайыздық көрсеткіші төмендеу. Өйткені сот өндірісіне жиі ресми тілінде келіп түсетін құжаттар мен талап арыздарды жолдайтын көп жағдайда мемлекеттік емес мекемелер болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында аудандық сотпен мемлекеттік тілді жандандыру, тұғырын көтеру бағытында басқа да органдардың, мекемелердің қатысуымен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Сот қызметшілерінің және баспасөз қызметінің мемлекеттік тіл тақырыбындағы мақалалары БАҚ-да жариялануда.

Мемлекеттік тілдің тұғырын көтеру өз қолымызда екенін ұмытпайық. Тіл - халықтың рухани, мәдени байлығының, дамуының құралы. Қазақ тілі - еліміздің азаматтарын топтастырудың мықты іргетасы болатынына кәміл сенеміз.

**Әсел БАЛТАШ,
Петропавл қаласының
әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі
мамандандарылған соты әкімшісінің
басшысы.**

АКЦИЯ



# «ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП АВТОБУСЫ»

Мағжан Жұмабаев ауданында биылғы оқу жылында 1-11 сыныптардағы оқушылар саны - 3333. Оның ішінде 256 бала мектептері жоқ 16 ауылда және тиісті мектептері жоқ 13 ауылда тұрады. Бұл оқушылардың барлығы оқу орындарына дейін тасымалдаумен қамтылған, оның ішінде алты мектеп жанындағы интернатта тұратын 104 оқушы апта сайын тасымалдаумен, 152 оқушы күнделікті тасымалдаумен қамтамасыз етілген.

Тасымалдау 23 автомобильмен жүзеге асырылады. Мектептердің балансында 6 шағын автобус және 2 автобус бар. Қалған тасымалдау мемлекеттік сатып алу сайтында жасалған жеке кәсіпкерлермен шарттар арқылы іске асады.

7 қыркүйекте «Қауіпсіз мектеп автобусы» акциясы аясында аудандық полиция бөлімі аудан әкімдігімен бірлесіп оқушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын автокөліктерге тексеру жүргізді.

Акция барысында автокөліктердің техникалық жарамдылығы, дәрі қобдишаларының, өрт сөндіргіштердің болуы, қауіпсіздік белдіктері мен шамдардың жарамдылығы тексерілді. Білім бөлімі әр жүргізушіге оқушыларды тасымалдау талаптары мен ережелері туралы ақпараты бар жадынамалар тапсырды.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

КІТАП - АЛТЫН ҚАЗЫНА

# ЖАҢА КІТАПТАР СІЗДЕР ҮШІН!

***Кітап – адамзаттың баға жетпес ұлы құндылығы, мәдениет пен руханияттың теңдесі жоқ сарқылмас рухани қазынасы, кітап бетінде адамзат тіршілігінің сан қилы құпия сыры сақталған. «Жаңа кітап, жан азығы» демекші, аудандық кітапханамыздың қорына келіп түскен жаңа кітаптармен таныстыра өтейік.***

«Шерлі шежіре» жобасы аясында жарық көрген «Қазақ» газеті. 1916 жыл», «Қазақ» газеті. 1917 жыл», «Қазақ» газеті 1918 жыл» кітаптары келіп түсті. Қазақ ұлттық баспасөзінің қарлығашы, тұңғыш жалпыұлттық әрі халықаралық «Қазақ» газеті Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен 1913-1918 жылдары үзілмей жарық көріп тұрды. Қазақ оқығандары мен ұлтшыл Алаш зиялылары осы «Қазақ» маңына топтасып, қаламы мен саяси көзқарасын ұштады. Кейіннен олар Алаш автономиясын құрып, қазақ ұлттық мемлекеттілігін қайта жаңғыртты.

Жинақтарға XX ғасыр басындағы қазақ халқының төл энциклопедиясы іспетті «Қазақ» газетінің топтамаларының 164-266 сандары түгелдей араб әліпбиінен қазіргі жазу үлгісіне көшіріліп, толық күйінде жарық көріп отыр. Оларда ұлтымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігі, ішкі және сыртқы саяси жағдайы, экономикалық-әлеуметтік, мәдени, оқу-ағарту, дін мәселелері жан-жақты қамтылған. Қазақ ұлттық баспасөзінің қарлығашы, тұңғыш журналымыз «Айқап» Троиц қаласында ақын,журналист және қайраткер Мұхамеджан Сералиннің басшылығымен 1911-1915жылдары үзіліссіз шығып, оның 88 саны жарияланған болатын. «Айқап» журналы. 1911жыл», «Айқап» журналы. 1912 жыл» жинақтарына «Айқап» журналының 1911 жылғы топтамасының 12 саны, 1912 жылғы топтамасының 14 саны түгелдей араб әліпбиінен қазіргі жазу үлгісіне көшіріліп, алғаш рет толық күйінде жарық көріп отыр.

«Сарыарқа» газеті. 1917-1919жж.» кітабына осыдан бір ғасыр бұрын жарық көрген ұлттық басылымның 1917-1919 жылдардағы қолда бар сандары толық топтастырылып, қазіргі жазу үлгісімен тұңғыш рет жарық көріп отыр. Газет материалдарынан біз қазақ даласындағы Уақытша үкімет кезіндегі халахуалды, қос Жалпықазақ съезінің ұйымдастырылып, өткізілуі және «Алаш» партиясы мен Алаш Орда үкіметінің құрылуы туралы жан-жақты мағлұмат ала аламыз.

«Жұлдыз» және Әуезов жинағына академик-жазушы Мұхтар Әуезовтың өткен ғасырдың 20-шы жылдары «Шолпан», «Таң» әдеби журналдарынан бастап, «Жұлдыз» журналына дейінгі әдеби журналдарда жарық көрген әр жанрлардағы шығармалары топтастырылған. «Қаралы сұлу», «Барымта» әңгімелері мен «Абай жолы» роман-эпопеясын өмірге әкелуге дейінгі өрлеу кезеңдерінің бастаулары ұлттық әдебиетіміздің ұлы көшімен тығыз байланысты екендігін аңғарамыз.

Қазақстан Жастар одағы және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының лауреаты Қасымхан Бегмановтың «Құланиек, құба таң» кітабына әр жылдары және соңғы уақытта жазған жаңа жырлары, толғаулары, дастандары еніп отыр. Ақын өлеңдерінде туған жердің таңғажайып суреттерін шынайы сезіммен, сағынышпен жырлайды. Алтыншаш Жакиянованың «Апа, сені сағындым» атты балаларға арналған кітабы прозалық шығармалардан тұрады.




Ақындық пен ұстаздықты қатар алып жүрген автор ұзақ жылғы педагогикалық еңбегі барысында бала психологиясының қыр-сырын ашуға құрылған шығармалары мен бал немерелеріне арналған аналық, әжелік көңілінен шыққан әңгімелерін топтастырыпты. Жазушы қаламынан шыққан шығармалар балаларға ой тастайтын, қиындықтарға мойымай, өмірде кездесетін әрбір оқиғаға шынайы көзбен қарауға, еңбектенуге шақыратын тұщымды дүниелер. Сонымен қатар Оспанхан Әубәкіровтың қазақ тілінен аударылған «Волшебник» атты әзіл әңгімелер жинағы келіп түсті. Әзіл-ысқақ өз әңгімелерінің өзектілігін жоғалтқан емес.

Еліміздің жазушылары мен ғалымдарының жаңа кітаптары барлық оқырмандарымыздың қызығушылығын арттырары анық.

Құрметті оқырмандар, Сіздерді кітапханада күтеміз!

***Жанар ӘБІЛМӘЖІНОВА,
ОКЖ жинақтау бөлімінің
кітапханашысы.***

Жалғасы, басы 2-3-беттерде.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 21 | № 221 | Куломзино а., 2 к., 20, мектеп ғимараты | Куломзино а. | Төраға – Смолюх Роман Владимирович; төрағаның орынбасары – Егорочкина Лариса Александровна; комиссия хатшысы – Савельева Светлана Ивановна; комиссия мүшелері - Пузикова Татьяна Павловна, Савельева Галина Анатольевна. |
| 22 | № 222 | Лебяжье а., Коммунистическая көшесі, 8, бос уақытты ұйымдастыру орталығының ғимараты | Лебяжье а. | Төрайым – Иваненко Лариса Петровна; төрайымның орынбасары – Грязнова Мария Петровна; комиссия хатшысы – Иманбаева Райхан Елдосқызы; комиссия мүшелері - Исекова Нұрсұлу Мәкенқызы, Яблонская Жанна Евгеньевна. |
| 23 | № 223 | Құралай а., Орталық к., 29, мектеп ғимараты | Құралай а. | Төраға – Исеков Қанат Мәкенұлы; төрағаның орынбасары – Айтқожин Серік Кеңесұлы; комиссия хатшысы – Қаюпова Жұлдыз Сәбитқызы; комиссия мүшелері - Боқбасарова Бибігүл Қапезқызы, Сәрсімов Мейрам Үсейінұлы. |
| 24 | № 224 | Жастар а.,Мир к., 3, мектеп ғимараты | Жастар а. | Төрайым – Қасенова Жанар Сәбитқызы; төрайымның орынбасары – Оспанов Сәбит Төлегенұлы; комиссия хатшысы – Ысмаилова Нұрсұлу Елубайқызы; комиссия мүшелері - Ермішева Әсел Хабдоллақызы, Сыздықова Ботагөз Мұратқызы. |
| 25 | № 225 | Сарытомар а., Клубная к., 2, мәдениет үйінің ғимараты | Сарытомар а. | Төрайым – Нұрмолдина Анар Серкенқызы; төрайымның орынбасары – Нұрахметов Айтмұхамбет Жасұланұлы; комиссия хатшысы – Шайдуллина Гүлнәр Көкенқызы; комиссия мүшелері - Әбілмәжінова Сәуле Нұрашқызы, Ажданова Гүлнәр Бәриқызы. |
| 26 | № 226 | Молодогвардейское а., Школьная к., 2, мектеп ғимараты | Молодо-гвардейское а. | Төрайым – Төлтаева Гүлнәр Сартайқызы; төрайымның орынбасары – Төлтаева Сәуле Алпанқызы; комиссия хатшысы – Колесник Галина Богдановна; комиссия мүшелері - Колеушко Татьяна Васильевна, Лисовая Светлана Геннадьевна. |
| 27 | № 227 | Надежка а., Ново-Лесная к., 41, мәдениет үйінің ғимараты | Надежка а. | Төрайым – Голубева Елена Дмитриевна; төрайымның орынбасары – Падалко Валентина Эдмундовна; комиссия хатшысы – Балпышева Сәуле Қалиқызы; комиссия мүшелері - Гапонова Мария Анатольевна, Ершов Иван Николаевич. |
| 28 | № 228 | Дүйсеке а., 1 к., 2, медициналық пунктінің ғимараты | Дүйсеке а. | Төраға – Оралов Сапар Баймұратұлы; төрағаның орынбасары – Өсербаева Гүлназ Болатқызы; комиссия хатшысы – Аңдамасова Жібек Серікқызы; комиссия мүшелері - Жарғайынова Күлсім Кәкімқызы, Топишева Қорлан Шерiқызы. |
| 29 | № 229 | Еремеевка а., 1 к., 13, мектеп ғимараты | Еремеевка а. | Төрайым – Артюхова Наталья Константиновна; төрайымның орынбасары – Филипенко Валерий Александрович; комиссия хатшысы – Маренкова Любовь Николаевна; комиссия мүшелері - Крыжановская Людмила Викторовна, Эйрих Татьяна Степановна. |
| 30 | № 230 | Бинаш а., 2 к., 27, мектеп ғимараты | Бинаш а. | Төрайым – Жексембина Әлия Амантайқызы; төрайымның орынбасары – Үкенова Роза Жұмабекқызы; комиссия хатшысы – Шәкірова Үмітжан Әскербекұлы; комиссия мүшелері - Сембина Айгүл Ғаббасқызы, Темірбеков Айдарбек Жұмабайұлы. |
| 31 | № 231 | Гаврин а., Центральная к., 14, бұрынғы мектеп ғимараты | Гаврин а. | Төрайым – Безрукова Наталья Александровна; төрайымның орынбасары – Соколовский Владимир Александрович; комиссия хатшысы – Чикунова Нина Александровна; комиссия мүшелері - Лемешева Надежда Анатольевна, Чикунова Марина Анатольевна. |
| 32 | № 232 | Октябрьское а., 2 к., 4, мектеп ғимараты | Октябрьское а., Суворовка а., Заротлое а. | Төрайым – Ганина Ольга Михайловна; төрайымның орынбасары - Морозова Марина Анатольевна; комиссия хатшысы – Өскенова Ақтолқын Ережепқызы; комиссия мүшелері – Пустакина Светлана Николаевна, Учелкина Надежда Семёновна. |
| 33 | № 233 | Хлебороб а., 3 к., 1, мектеп ғимараты | Хлебороб а., Мичурино а. | Төрайым – Сағдеева Тұрсын Жексембайқызы; төрайымның орынбасары – Дүйсекеев Ренат Ермекұлы; комиссия хатшысы – Хоботнева Наталья Ивановна; комиссия мүшелері – Зубрий Екатерина Васильевна, Шежрина Айсұлу Мағауияқызы. |
| 34 | № 234 | Писаревка а., 4 к., 29, мектеп ғимараты | Писаревка а. | Төраға – Степанов Александр Владимирович; төрағаның орынбасары – Харламова Ольга Владимировна; комиссия хатшысы – Ысқақова Гүлжан Бақытжанқызы; комиссия мүшелері - Илгунова Елена Винцисовна, Ысқақов Нұртай Сарбайұлы. |
| 35 | № 235 | Веселовка а., 3 к., 10, медициналық пунктінің ғимараты | Веселовка а. | Төрайым – Бабёнышева Светлана Анатольевна; төрайымның орынбасары – Ярошенко Людмила Владимировна; комиссия хатшысы – Черкашина Татьяна Борисовна; комиссия мүшелері - Лукаш Наталья Алексеевна, Подолей Марина Павловна. |
| 36 | № 236 | Полудин а., Абай Құнанбаев к., 59, мәдениет үйінің ғимараты | Полудин а. | Төрайым – Икметова Таиба Қажтайқызы; төрайымның орынбасары – Ильяшенко Сергей Николаевич; комиссия хатшысы – Вобликова Евгения Юрьевна; комиссия мүшелері - Бугреева Ирина Александровна, Немуха Оксана Васильевна. |
| 37 | № 238 | Ганькин а., Тәуелсіздік к., 6, мектеп ғимараты | Ганькин а., Ганькино ст. | Төрайым – Қазиева Гүлнәр Жәдігерқызы; төрайымның орынбасары – Богданова Ирина Павловна; комиссия хатшысы – Долгушева Гүлжан Айдолқызы; комиссия мүшелері - Завалко Оксана Геннадьевна, Яковлева Анна Михайловна. |
| 38 | № 240 | Совет а., Дубинина к., 2, мәдениет үйінің ғимараты | Совет а. | Төраға – Бойков Евгений Анатольевич; төрағаның орынбасары – Бешімов Сайран Нұрланұлы; комиссия хатшысы – Мангура Алсу Ханифовна; комиссия мүшелері - Рузанова Наталья Тимофеевна, Шарапова Светлана Геннадьевна. |
| 39 | № 241 | Придорожное а., Школьная к., 33, мектеп ғимараты | Придорожное а. | Төрайым – Сыздықова Роза Айдарбекқызы; төрайымның орынбасары – Ахматзянов Хамит Ханифович; комиссия хатшысы – Кизикова Ольга Юрьевна; комиссия мүшелері - Галанова Марина Валерьевна, Троян Ольга Алексеевна. |
| 40 | № 242 | Майбалық а., Степная к., 10А, мектеп ғимараты | Майбалық а. | Төрайым – Гаманко Олеся Анатольевна; төрайымның орынбасары – Төлеева Қаншайым Әбдіхамитқызы; комиссия хатшысы – Степанова Радмила Валерьевна; комиссия мүшелері - Жетпісова Сана Тоқтарбайқызы, Пантюх Людмила Николаевна. |
| 41 | № 243 | Таман а., Школьная к., 21, мектеп ғимараты | Таман а., Сейфолла а. | Төрайым – Жалнина Наталья Николаевна; төрайымның орынбасары – Кирницкая Валентина Николаевна; комиссия хатшысы – Жағыпарова Балшекер Есімсейітқызы; комиссия мүшелері - Драмарецкий Дмитрий Павлович, Коваленко Галина Нифодиевна. |
| 42 | № 244 | Пулеметовка а., Центральная к., 28, мектеп ғимараты | Пулеметовка а. | Төрайым – Гуляева Ольга Михайловна; төрайымның орынбасары – Баймұхамбетова Жанна Амангелдіқызы; комиссия хатшысы – Ілиясова Галина Сәбитқызы; комиссия мүшелері – Гуляева Татьяна Владимировна, Первикова Татьяна Владимировна. |
| 43 | № 245 | Ұзынкөл а., 10 к., 1, мәдениет үйінің ғимараты | Ұзынкөл а. | Төрайым – Скроботова Наталья Владимировна; төрайымның орынбасары – Тумрау Александр Васильевич; комиссия хатшысы – Розенбах Маржангүл Сарманқызы; комиссия мүшелері – Кине Надежда Николаевна, Нұрмағамбетов Нұрлан Шәмілұлы. |
| 44 | № 246 | Шандақ а., 3 к., 6, медициналық пунктінің ғимараты | Шандақ а. | Төраға – Кирикэ Валерий Васильевич; төрағаның орынбасары – Тумрау Алексей Вячеславович; комиссия хатшысы – Рақымжанова Айман Орынбасарқызы; комиссия мүшелері – Грибашов Илья Викторович, Рақымжанова Виктория Валерьевна. |
| 45 | № 247 | Қоскөл а. 2 к., 8, «Рика KZ» ЖШС ғимараты (келісім бойынша) | Қоскөл а. | Төрайым – Өмірханова Зарина Имансалықызы; төрайымның орынбасары – Журавлев Эдуард Қанатович; комиссия хатшысы – Борисенко Надежда Зеноновна; комиссия мүшелері - Аюпов Ринат Шарпаұлы, Юдина Виктория Юрьевна. |
| 46 | № 248 | Успенка а., Садовая к., 26, мәдениет үйінің ғимараты | Успенка а. | Төрайым – Абабаева Гүлнәр Елтайқызы; төрайымның орынбасары – Құлышев Уазихан Бүркітұлы; комиссия хатшысы – Кулагина Дарья Леонидовна; комиссия мүшелері - Бекиш Наталья Николаевна, Захаров Юрий Леонидович. |
| 47 | № 250 | Сулышоқ а., 1 к., 23, мектеп ғимараты | Сулышоқ а., Уваковское а., Қоскөл а. | Төраға – Шегебаев Дархан Маратұлы; төрағаның орынбасары – Қазенова Мәриям; комиссия хатшысы - Ысқақова Гаухар Серікқызы; комиссия мүшелері - Бабикова Рауза Шәкімқызы, Жанбөтенова Бақытжан Қаркенқызы. |
| 48 | № 252 | Бәйтерек а., Молодежная к., 16, мектеп ғимараты | Бәйтерек а., Рявкино а. | Төраға – Родимов Валерий Николаевич; төрағаның орынбасары – Байманов Арғын Сәрсенбайұлы; комиссия хатшысы – Червонюк Евгения Васильевна; комиссия мүшелері - Захарова Валентина Ивановна, Попова Наталья Николаевна. |
| 49 | № 253 | Береке а., 1 к., 14, медициналық пунктінің ғимараты | Береке а. | Төрайым – Расқұлова Ғалия Смайылқызы; төрайымның орынбасары – Вейс Тамара Николаевна; комиссия хатшысы – Расқұлова Меруерт Бауыржанқызы; комиссия мүшелері - Байқуанышев Самат Беркінұлы, Тұңғатова Наталья Мұратқызы. |
| 50 | № 254 | Новотроицкое а., Центральная к., 34, мектеп ғимараты | Новотроицкое а. | Төраға – Бородихин Борис Дмитриевич; төрағаның орынбасары – Ташметов Марат Алпысұлы; комиссия хатшысы – Михель Татьяна Валерьевна; комиссия мүшелері - Никитина Елена Александровна, Носик Надежда Ивановна. |
| 51 | № 255 | Пролетарка а., 2 к., 1, мектеп ғимараты | Пролетарка а. | Төраға – Жақыпов Сәбит Оралұлы; төрағаның орынбасары – Стаценко Наталья Александровна; комиссия хатшысы – Лукашенко Оксана Владимировна; комиссия мүшелері – Гричко Радион Николаевич, Лило Светлана Васильевна. |
| 52 | № 256 | Чистовское а., Школьная к., 1, мектеп ғимараты | Чистовское а., Урожайное а. | Төраға – Агапов Евгений Александрович; төрайымның орынбасары – Самарцева Елена Валерьевна; комиссия хатшысы – Бахмат Светлана Анатольевна; комиссия мүшелері - Жақсымбетова Сәуле Төлеуқызы, Қазиева Сәуле Қайбаққызы. |
| 53 | № 257 | Тищенко а., 2 к., 1, бос уақытты ұйымдастыру орталығының ғимараты | Тищенко а., Украинка а. | Төрайым – Тасымова Әсия Мубараққызы; төрайымның орынбасары – Гардер Татьяна Ивановна; комиссия хатшысы – Серебриян Ирина Владимировна; комиссия мүшелері - Жұмабаева Гүлнар Бекенқызы, Ромазанова Анжелика Викторовна. |

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

| № р/н | Аумақтық референдум комиссиясының орналасқан жері | Телефон, e-mail | Аумақтық референдум комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|
| | **Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтық референдум комиссиясы** | | |
| 7 | 150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ-нің коммуналдық меншігіндегі әкімшілік ғимараты | тел. 8(71531) 2-12-33<br>e-mail: tic_sko_zhm@saylau.kz | Төрағасы - Портнягин Юрий Анатольевич;<br>Төраға орынбасары - Шайкенов Данияр Балғабайұлы;<br>Хатшысы - Тұяқова Роза Рысбайқызы;<br>Комиссия мүшелері - Ахметова Ұлмекен Шаймұранқызы, Бекішева Сандуғаш Оразалықызы, Махметова Крестина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылыққызы |








## QAZAQSTAN

### Дүйсенбі, 16 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 04.00 «ІНЖУ-МАРЖАН».
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
11.10, 19.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 02.30 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.10 АПТА.
15.00 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА.
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.10 «1001 ТҮН».
01.25 САНА.

### Сейсенбі, 17 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.15 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
11.10, 19.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 02.50 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.10 АҚОРДА.
14.20 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
14.40 АРНАЙЫ ЖОБА.
15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.10 «1001 ТҮН».
01.25 САНА.
04.40 АУЫЛДАСТАР.

### Сәрсенбі, 18 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.40 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
11.10, 19.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 02.50 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.15, 01.25 ҚОС ПАЛАТА.
14.35, 04.15 АҚСАУЫТ.
15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.10 «1001 ТҮН».
01.45 САНА.
04.55 АУЫЛДАСТАР.

### Бейсенбі, 19 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.30 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
11.10, 19.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 02.30 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.15, 04.00 АҢСАҒАН СӘБИ
14.45 ҒЫЛЫМ АДАМЫ.
15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.10 «1001 ТҮН».
01.25 САНА.
04.50 АУЫЛДАСТАР.

### Жұма, 20 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.40 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ.
07.00 TAŃSHOLPAN.
10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
11.10, 19.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.10, 02.20 «ТАТУ-ТӘТТІ».
14.10 АТАМЕКЕН.
14.35 АЭС.
15.00 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ».
16.00 Т/Х «ЗАМАНДАС-ТАР».
17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
20.30, 00.30 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА.
22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
00.00 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.
01.15 САНА.
03.45 АРНАЙЫ ЖОБА.
04.10 АУЫЛДАСТАР.

### Сенбі, 21 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 04.10 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 17.00, 00.50 АҚПАРАТ.
07.00, 03.10 «АУЫЛДАС-ТАР».
07.25, 02.50 АТАМЕКЕН.
07.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
08.30, 03.40 ШАҢЫРАҚ.
09.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ.
10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
11.00, 19.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.00, 01.50 ТЕЛЕДӘРІГЕР.
13.00, 20.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП.
14.55 ДАРА БАЛА.
15.55 М/Ф.
17.20, 01.10 «ҚОС ПАЛАТА».
17.40, 01.30 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.10 «ОРАЛМАН» Х/Ф.

### Жексенбі, 22 қыркүйек

06.00 ӘНҰРАН.
06.05, 05.05 «ЖӘДІГЕР».
06.30, 04.35 «АУЫЛДАС-ТАР».
07.00 Д/Ф.
07.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
08.30 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ».
09.35, 04.15 АҚСАУЫТ.
10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП».
11.00, 19.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ».
12.00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП».
14.20, 02.40 АТАМЕКЕН.
14.45 М/Ф.
15.50 КОНЦЕРТ.
17.30, 03.00 АҢСАҒАН СӘБИ.
20.00, 01.35 АПТА.
20.50, 02.25 АҚОРДА.
21.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ.
22.25 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР».
23.20 «АМАНАТ» Х/Ф.
03.30 «КҮМІС КӨМЕЙ».

## ХАБАР

### Дүйсенбі, 16 қыркүйек

05.00 «ВЕЧНОСТЬ МЕЖДУ НАМИ» Х/Ф.
07.00 ОЯН.
10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА.
10.20 Т/С «МАРКУС».
12.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 «ҚАРА ЖӘШІК», Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ТАЛҚЫ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сейсенбі, 17 қыркүйек

05.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ».
07.00 ОЯН.
10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ.
10.25 Т/С «ИСЧЕЗНУВ-ШАЯ».
12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 «СЕН BOSSЫҢ», Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ИТОГИ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сәрсенбі, 18 қыркүйек

05.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН».
07.00 ОЯН.
10.00 NEOСЕТЬ.
10.20 КӨЗҚАРАС.
10.45 Т/С «ИСЧЕЗНУВ-ШАЯ».
12.10, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 «ТҮПСАНА ЖӘНЕ ЖАСЫЛ НӘСКИ», Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ТАЛҚЫ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Бейсенбі, 19 қыркүйек

05.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН».
07.00 ОЯН.
10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.
10.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВ-ШАЯ».
12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00, 22.50 Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ИТОГИ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жұма, 20 қыркүйек

05.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН».
07.00 ОЯН.
10.00 КӨЗҚАРАС.
10.25 Т/С «ИСЧЕЗНУВ-ШАЯ».
12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ».
14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00 Х/Ф.
18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.
18.30 НОВОСТИ.
19.00 ТАЛҚЫ.
19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
22.50 «ОБИТЕЛЬ ПРОКЛЯТЫХ» Х/Ф.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Сенбі, 21 қыркүйек

05.00 «MANDAI TER».
06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА.
08.00 КОНЦЕРТ.
10.00 «МЭРИ ПОППИНС ВОЗВРАЩАЕТСЯ» Х/Ф.
11.45 М/Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ».
12.00 «ОБИТЕЛЬ ПРОКЛЯТЫХ», Х/Ф.
14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES.
15.30 Т/Х «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА.
19.00 COVER SHOW.
21.00 7 КҮН.
21.45 «КАК УКРАСТЬ БРИЛЛИАНТ» Х/Ф.
23.45 АЛҒАШҚЫ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

### Жексенбі, 22 қыркүйек

05.00 MANDAI TER.
06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА.
08.00 КОНЦЕРТ.
10.00 М/Ф.
11.15 М/Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ».
12.00 «КАК УКРАСТЬ БРИЛЛИАНТ» Х/Ф.
14.00 COVER SHOW.
16.15 Т/Х «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ».
19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES.
21.00 7 КҮН.
21.45 «КРОКОДИЛ ДАНДИ В ГОЛЛИВУДЕ» Х/Ф.
23.45 АЛҒАШҚЫ.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

## ЕВРАЗИЯ

### Дүйсенбі, 16 қыркүйек

06.00 Т/С «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТЕ».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 Т/С «ЛЮБОВЬ БЕЗ ПАМЯТИ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ЧУЖОЙ СРЕДИ СВОИХ».
00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.20 Т/Х «ПРОЕКТ «СИНЯЯ КНИГА».

### Сейсенбі, 17 қыркүйек

06.00 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.00 Т/С «КОРОТКОЕ СЛОВО НЕТ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ЧУЖОЙ СРЕДИ СВОИХ».
00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.20 Т/С «ПРОЕКТ «СИНЯЯ КНИГА».

### Сәрсенбі, 18 қыркүйек

06.00 Т/Х «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.00 Т/С «КОРОТКОЕ СЛОВО НЕТ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ЧУЖОЙ СРЕДИ СВОИХ».
00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.20 Т/С «ПРОЕКТ «СИНЯЯ КНИГА».

### Бейсенбі, 19 қыркүйек

06.00 Т/Х «КОНЕЦ ПАРАДА».
07.00 Т/Х «КАРТЕР».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО!
10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.45 Т/С «ОДНОЛЮБЫ».
14.00, 01.55 НОВОСТИ.
14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ЧУЖОЙ СРЕДИ СВОИХ».
00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.
02.20 Т/С «ПРОЕКТ «СИНЯЯ КНИГА».

### Жұма, 20 қыркүйек

06.00 Т/Х «КОНЕЦ ПАРАДА».
07.00 Т/Х «КАРТЕР».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО!
10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
11.45 Т/С «ОДНОЛЮБЫ».
14.00, 02.05 НОВОСТИ.
14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 KÖREMIZ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE».
20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС.
22.10 Т/С «СУДЬБА ПО КНИГЕ ПЕРЕМЕН».
02.30 Т/С «ПРОЕКТ «СИНЯЯ КНИГА».

### Сенбі, 21 қыркүйек

06.00 Т/Х «КОНЕЦ ПАРАДА».
07.00 Т/Х «КАРТЕР».
09.00 QАЙМАҚ.
09.40 «САША + ГЛАША + ДАША» Х/Ф
13.40 «ЛЕТО В ГОРОДЕ» Х/Ф.
17.40 «КОМАНДИР» Х/Ф.
20.20 «ТОЛЬКО НЕ ОТПУСКАЙ МЕНЯ» Х/Ф.
00.30 «КЛАССИК» Х/Ф.
02.30 Т/С «ПРОЕКТ «СИНЯЯ ПТИЦА».
04.05 ҮШҚАЛАҚ.

### Жексенбі, 22 қыркүйек

06.00 Т/Х «КОНЕЦ ПАРАДА».
07.00 Т/Х «КАРТЕР».
08.40 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ.
08.50 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ.
09.45 «ДЕВОЧКИ МОИ» Х/Ф.
13.45 «ПОГОВОРИ С НЕЙ» Х/Ф.
17.50 «КУРИЦА» Х/Ф.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.45 «НЕ ОГЛЯДЫВАЙСЯ НАЗАД» Х/Ф.
00.55 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ».
02.40 Т/С «ПРОЕКТ «СИНЯЯ КНИГА».
04.15 ҮШҚАЛАҚ.

*Жұрт әділ болмай,*
*Жұрт ісі оңға баспайды.*
**Әлихан БӨКЕЙХАНОВ.**

*Шешен жігіт – жол бастар,*
*Батыр жігіт – қол бастар.*
**Шалкиіз ТІЛЕНШІҰЛЫ.**









АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

# EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА 270 НЫСАНЫ БОЙЫНША ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУҒА БОЛАДЫ

Ағымдағы аптаның соңында Қазақстанда кірістер мен мүлік туралы электрондық декларацияларды тапсыру мерзімі аяқталады. Мемлекеттік қызметшілер және оларға теңестірілген қызметкерлер, бюджеттік ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00 н.) eGov.kz порталының көмегімен ұсына алады.



270-нысан бойынша кірістер мен мүлік туралы Декларацияны азаматтар активтер мен міндеттемелер туралы «кіріс» декларациясын (250.00-нысан) тапсырғаннан кейін ғана ұсына алады. 270.00 декларациясын 15 қыркүйекке (қоса алғанда) дейінгі мерзімде ұсыну қажет.

Декларацияда төлем көзінен салық салынатын кірістер, сондай-ақ шетелде мүліктің болуы (жылжымайтын мүлік, көлік, шетелдік компаниядағы үлестер, бағалы қағаздар, цифрлық активтер, инвестициялық алтын, туынды қаржы құралдары және тұрғын үй құрылысына қатысу үлестері) көрсетілуі қажет.

Мүлікті сатып алу және (немесе) иеліктен шығару туралы, сондай-ақ есепті салық кезеңі ішінде жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы ақпаратты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес декларацияны ұсыну жөніндегі міндеттеме қолданылатын тұлғалар көрсетеді.

Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны қабылдау қызметі eGov.kz порталында «Азаматтарға» - «Кеден және салықтар» - «Салық салу» бөлімінде қолжетімді.

eGov.kz порталында көрсетілетін қызметті алу үшін:

- Порталда авторизациядан өту және «Онлайн сұрау» батырмасын басу қажет;
- Декларацияны толтырып, тиісті мемлекеттік кірістер органын таңдау керек;
- Электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) немесе бір реттік СМС парольмен қол қою керек;
- Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде) мемлекеттік кіріс органының салық есептілігін электрондық түрде қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарламамен танысу қажет.

Сондай-ақ декларацияны kgd.gov.kz порталында және eSalyq Azamat мобильді қосымшасында «Салық төлеушінің кабинеті» арқылы ұсынуға болады.

Қызмет ҚР Қаржы министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

**Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА,**
**«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

# ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ



Өрт оқиғасының туындауына алып келетін ең көп тараған себеп – отты пайдаланудағы абайсыздық. Сонымен қатар тілсіз жаудың құрбанына айналатын адам өміріне қауіп төндіретін бірқатар себептер – мас күйінде темекі шегу, тұрмыстық газ құралдарын, пешті, электр жабдықтары мен аспаптарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы. Жиі кездесетін жайт абайсыздықтың арты ұқыпсыздыққа айналуы мүмкін. Үйде, қылтимада немесе көшеде ойланбай тасталған сіріңке, темекінің тұтқылы – үлкен қасіретке айналуы мүмкін. Сондықтан кез келген азамат өрт қауіпсіздігі ережелерін, оның шығу себептерін және дұрыс әрекет жасауды білу қажет.

Өрт оқиғасын ескерту, адам өмірі мен дүние - мүлкін сақтау мақсатында пәтерлер мен тұрғын бөлмелерде отты пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін естеріңізге салады.

Пәтерлер мен тұрғын бөлмелерінде:

1) балкондар мен лоджияларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, газ баллондарды сақтауға;
2) төсекте темекі шегуге;
3) балкондар мен лоджиялардан темекі тұқылын лақтыруға;
4) плитада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға;
5) жанып тұрған шырақтарды желдің өтіне қоюға;
6) жанып тұрған шырақтарды тез тұтанатын материалдардың қасына қоюға;
7) жанып тұрған шырақтарды қараусыз қалдыруға;
8) жанып тұрған шырақтарды балалар мен үй жануарларына қолжетімді жерлерде қалдыруға **ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.**

Құрметті тұрғындар! Естеріңізден шығармаңыздар, бейқамдық, отпен абайсыздық болжап болмайтын зардаптарға айналуы мүмкін.

Өрт болған жағдайда міндетті түрде «101» немесе «112» телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыздар!

**Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**

# ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерге «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК-сі басқа ғимаратқа көшкені туралы хабарлаймыз.

Сіздерді Ыбырай Алтынсарин көшесі, 14 үй мекен жайы бойынша күтеміз.

Жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-18.30 дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-14.30 дейін.

Жұмыс телефондары: директор: 2-15-94, мал дәрігері: 2-18-26, бухгалтерлік есеп: 2-10-50, қабылдау бөлмесі: 2-15-94.

***2024 жылдың 2 қыркүйегінен бастап еліміз бойынша ЮНИСЕФ-пен әзірлеген Халықаралық мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (MICS) басталды, ол 24 мың үй шаруашылығын қамтиды. 2 қыркүйек пен 29 қараша аралығында облысымыздың қалалары мен ауылдарындағы 1500ден астам үй шаруашылығында сауалнама жүргізілетін болады.***

# ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАЛАР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

МИКС зерттеуі Қазақстанда төртінші рет өткізіліп отыр. Бұған дейін ол 2006, 2010 және 2015 жылдары жүргізілген. МИКС 2024-тің негізгі мақсаты – әйелдер мен балалардың денсаулығы мен әл-ауқатын бағалау және бақылау, сондай-ақ олардың дамуының негізгі көрсеткіштері туралы сенімді ақпарат алу. Бұл олардың әл-ауқатын тиімді бақылауға және ұлттық саясатты жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеу аясында денсаулық сақтау, тамақтану, білім беру, санитария, балаларды ерте жастан дамыту және басқа аспектілерді қоса алғандағы сұрақтар қойылады.




Зерттеуді интервьюерлер жүргізеді – олар арнайы оқытылған Ұлттық статистика бюросы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменттің қызметкерлері. Интервьюерлер Бюро, ЮНИСЕФ, АДБ және ЮНФПА логотиптері бар киім киіп, бейдж тағады. Әрбір бейджде сауалнама туралы сенімді ақпарат алуға болатын ресми веб-сайттың QR сілтемесі көрсетіледі.

Үй шаруашылықтардың сауалнамаға қатысу ерікті түрде өтетініне, алынған ақпарат анонимдігі қатаң сақталатынына және оның тек статистикалық мақсаттарда пайдаланылатынына назар аударғымыз келеді. Сондықтан, интервьюерлер баратын үй шаруашылықтарын осы зерттеуге түсіністікпен қарауға шақырамыз. Респонденттер кез келген сұраққа жауап беруден бас тарта алады немесе кез келген уақытта сұхбатты тоқтата алады.

Барлық туындаған сұрақ бойынша жұмыс күндері Ұлттық статистика бюроның сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейтін 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады.

**Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР




Мемлекеттік көрсетілетін қызмет - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі. Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы жеке және заңды тұлғаларға үш мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. Ветеринариялық анықтама беру
2. Ветеринариялық паспорт беру
3. Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету).

Мемлекеттік қызметтер тегін, кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, ауыл шаруашылығы жануары иесінің өтініші бойынша қатаң түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету нысаны электрондық (ішінара автоматтандырылған) қағаз түрінде. Халықтың мемлекеттік қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ветеринариялық станция ғимаратында ақпараттық стенд, брошюралар, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы өтініштердің үлгілері және оларды көрсету тәртібі бар.

Ветеринариялық станция көрсететін мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты ресми интернет-ресурстан, сондай-ақ әлеуметтік желілерден алуға болады: Instagram, и Facebook.(vet-mzh.sko.kz).

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштерді қабылдау жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші «СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ «М. Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК М. Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 14 үй мекен жайында орналасқан, тел. 2-18-26.




Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 630

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады